

**2023 – 2024 оқу жылында педагогикалық ұжымның алдына қойған
жылдық міндеттерін
қорытындылай келесі 2024-2025 оқу жылына мынандай міндеттерді
жоспарлады:**

**Тақырып: «Арт- терапия әдістері арқылы көру қабілеті бұзылған
балалардың шығармашылық қабілеттерін және тілдерін дамыту»**

Мақсаты: Мектепке дейінгі жастағы балалардың шығармашылық белсенділігін
әр түрлі іс – әрекет түрінде дамытуда педагогтардың кәсіби құзыреттіліктерін
шындалуға мүмкіндік жасау және оның мазмұнына сай балалармен тәжірибелік
жұмысты арт-терапия әдістерін пайдалану арқылы ұйымдастыру.

Міндеттер:

1. Көру қабілеті бұзылған денсаулығын нығайту мақсатында дене шынықтыру
мен сауықтыру шараларын күшейту.
2. Тілге бойлау жобасы бойынша ертегі терапиясы және театр арқылы
балалардың тілдерін дамыту.

3. Арт- терапия әдістері арқылы көру қабілеті бұзылған балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту.

Күтілетін нәтиже:

- Мектепке дейінгі жастағы балалардың шығармашылық белсенділігін әртүрлі іс-әрекет түрінде дамыту бойынша педагогтардың кәсіби құзыреттілігінің лайықты деңгейінің болуы.
- Арт-терапия әдістеріне, жаңа технологиялық іс-әрекетке балаларды баулуға мүмкіндік туғызатын пәндік ортаның болуы.
- Жұмыс барысында балалардың ұжыммен және жеке жұмыс жасауға, өз көз қарастарын қорғау, қарапайым шешімге келу бойынша қалыптасқан жүйенің болуы.

Әдістемелік тақырыптарды ұйымдастырудың басты міндеттері:

I – кезең Көру қабілеті бұзылған балаларға арналған әдістемелік-түзету әдебиеттерді оқып шығу және талдау. Әдістемелік тақырыптар бойынша ақпараттық жүйе құру.	Көру қабілеті бұзылған балалармен педагогикалық түзету жұмыстарының теориялық білімдерін жетілдіру.
II-кезең Оқу – тәрбие жұмысында арт-терапия әдістерін қолдану	Мекеменің түзету білім беру үрдісінің кәсіби деңгейін көтеру.
III-кезең Білім беру салалары бойынша түзету тәсілдерін жоспарлау мен жүзеге асыру.	Көру қабілетін қалпына келтіру, мектепке даярлау.